

**Д.А. ҚАЛДИЯРОВ,<sup>1</sup>**  
э.ғ.д., профессор.  
**Д. НҰРМУХАНҚЫЗЫ,<sup>1</sup>**  
PhD, доцент.  
**А.М. КАСЕНОВА,<sup>1</sup>**  
докторант.  
**М.С. ОРЫСБАЕВА,<sup>1</sup>**  
экономика магистрі.  
І. Жансүгіров атындағы  
Жетісу мемлекеттік университеті<sup>1</sup>

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

### **Андатпа**

Бүгінгі күні дамыған елдердің барлығы дерлік ауыл шаруашылығын экономиканы дамытудың маңызды саласы ретінде қолға алып, жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы – материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығын қаржыландырудың маңызы ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындарды, шаруа немесе фермер қожалықтарын, халық шаруашылығын дамытуға және оның өнімділігін арттыруға жұмсалатын шығындарды қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуінде болып отыр. Ауыл шаруашылығын қаржыландыру түрлі деңгейдегі бюджеттердің, жеке инвесторлардың қаражаттары, басқа қаржы көздерінің есебінен қаржыландырылады. Кез келген елдің экономикасында маңызды да қажетті қордың бірі инвестиция, себебі ол экономиканың өсуіне ғана емес, елдің әлуметтік дамуына да жағдай жасайды. Мақалада «инвестор», «инвестиция», «шетелдік инвестиция» ұғымдарына анықтамалар берілді. Елдер бойынша Қазақстанға шетел инвесторларынан әкелінген тікелей инвестициялардың жалпы ағыны қарастырылып, диаграмма ретінде берілді. Экономикалық қызмет түрлері бойынша шет мемлекеттерден әкелінген тікелей инвестициялардың жалпы Қазақстандағы динамикасы анықталды. Қазақстанның резидент еместерден тікелей инвестициялар бойынша алынған активтерді және міндеттемелерді резиденттердің экономикалық қызмет түрлеріне байланысты таза қабылдау көрсеткіштері қарастырылды. Қазақстан бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар динамикасы, сондай-ақ банктердің ауыл шаруашылығына және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өнеркәсіпке берген кредиттер көлемі де талданды. Талдау жасау барысында ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемінің жеткіліксіз екендігі және осы салаға инвестициялық тартымдылықты әлі де арттыру қажет екендігі анықталды.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, шетел инвестициялары, меншік қаражаты, банктік несиелер, резиденттер, резидент еместер, шаруа қожалықтары.

Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді. Ауыл шаруашылығы – шаруашылық салаларының ішіндегі ең ежелгі және табиғат жағдайларына тікелей тәуелді саласы. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы – неғұрлым көп тараған сала. Шындығында, дүниежүзінде ауыл шаруашылығының түрлі салаларымен айналыспайтын бірде-бір ел жоқ. Ауыл шаруашылығының барлық жерге таралуы оның алуан түрлілігіне байланысты.


Қазіргі дамыған елдердің барлығында дерлік ауыл шаруашылығы экономиканың маңызды саласы ретінде мемлекеттің қолдау объектісі болып отыр [1]. Ауыл шаруашылығын қаржыландырудың маңызы ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындарды, шаруа немесе фермер қожалықтарын, халық шаруашылығын дамытуға және оның өнімділігін арттыруға жұмсалатын шығындарды қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуінде. Ауыл шаруашылығын қаржыландыру түрлі деңгейдегі бюджеттердің, жеке инвесторлардың қаражаттары, басқа қаржы көздерінің есебінен қаржыландырылады. Инвестор – инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, мемлекет. Ұлттық инвестор дегеніміз – Қазақстан Республикасында инвестицияны жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы. Инвестиция дегеніміз – табыс табу және капиталды ұлғайту мақсатымен өндірістік және басқа да қызметтерге қаржы жұмсау болып табылады. Инвестиция кез келген ұлттық экономиканың

маңызды да қажетті қоры, сондай-ақ, ол экономиканың өсуіне, елдің әлуметтік дамуына жағдай жасайды.

Шетелдік инвестиция дегеніміз – қабылдаушы елдегі компанияның қызметін бақылап, басқарып отыру үшін капиталдың мақсатты түрде ауысуы болып келеді. Шетел инвесторы көбіне қаржыландыруды тікелей инвестициялар арқылы жүзеге асырады. Тікелей инвестициялар бұл халықаралық инвестициялардың санаты, олардың нәтижесінде бір экономиканың резидент инвесторлары басқа экономиканың резиденттері болып табылатын инвестициялау объектілерін айтарлықтай бақылауға немесе басқаруға әсер ету мүмкіндігіне ие бола алады [2].

Өз қаражатын Қазақстан экономикасына жұмсаған шет елдердің ішіндегі ең көп көлемде тікелей инвестиция салған 9 мемлекетті атап өтуге болады. Олар: Ұлыбритания, Франция, Ресей Федерациясы, Нидерланд, Қытай, Корей Республикасы (Оңтүстік), Жапония, Бельгия және АҚШ.

Елдер бойынша әкелінген инвестиция көлемінің ең жоғары үлесі соңғы бес жылда Нидерланд елінен келген. 2014 жылы – 6 795,8 млн АҚШ доллары болған, 2015 жылы бұл көрсеткіш 5 715,3 млн АҚШ долларына төмендеген, ал 2016 жылы – 7 913,2 млн АҚШ долларға артқан. 2017 жылдың 4 тоқсандағы қорытындысы бойынша 4429,9 млн АҚШ долларын құраса, 2018 жылдың 4 тоқсандағы қорытындысы бойынша –25,8 млн АҚШ доллары болып, кері көрсеткішті көрсеткен. АҚШ-тан келген инвестиция көлемі 2016 жылы 3 422,7 млн АҚШ долларын құраған. 2017 жылдың 4 тоқсанында 33 378,1 млн АҚШ доллар болған, 2018 жылдың 4 тоқсандағы қорытындысы бойынша 1072,9 млн АҚШ доллары ғана болып көрсеткіш біршама төмендеген. Жоғарыда айтылған көрсеткіштерді төмендегі 1 суреттен көре аламыз.



Сурет 1 – Қазақстанға шетел инвесторларынан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны, млн АҚШ долл.

Ескертпе – ҚҰБ статистикалық көрсеткіштерінің негізінде құрастырылған.

Ал, Ресей Федерациясынан келген инвестиция көлемі 2016 жылы 867,4 млн АҚШ долларын, 2017 жылдың 4 тоқсанында 870,5 млн АҚШ долларын құраса, 2018 жылдың 4 тоқсанында 207,8 млн АҚШ долларына төмендеген. Франциядан келген инвестиция көлемі 2016 жылы бұл көрсеткіш 1136,2 млн АҚШ доллары болса, 2017 жылдың 4 тоқсанында 595,3 млн АҚШ доллары, 2018 жылдың 4 тоқсанында –39,8 млн АҚШ доллары болған [3]. Ұлыбританиядан келеген инвестиция көлемі 2016 жылы 684,8 млн АҚШ долларына жетсе, 2017 жылдың 4 тоқсанында оның көлемі 418,8 млн АҚШ доллары болған, 2018 жылдың 4 тоқсанында 109,3 млн АҚШ долларына төмендеген. Оңтүстік Корей Республикасынан әкелінген инвестиция көлемі 2016 жылы ол көрсеткіш 358,0 млн АҚШ долларын құраса, 2017 жылдың 4 тоқсанында 331,5 млн АҚШ доллары болған, 2018 жылдың 4 тоқсанында 13,8 млн АҚШ долларына тең болып төмендеген. Жапониядан келген инвестиция көлемі 2016 жылы 470,1 млн АҚШ долларына артқан, 2017 жылдың 4 тоқсанында 268,9 млн АҚШ долларын құраған, 2018 жылы 4 тоқсанда –13,4 млн АҚШ долларын құрап, теріс көрсеткіш көрсеткен.

Жоғарыда аталған мемлекеттерден әкелінген тікелей инвестицияларды Қазақстанның экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы динамикасын 2 кестеден көруге болады.

Кесте 2 – Қазақстанға шетелдің тікелей инвесторларынан әкелінген тікелей инвестициялар резиденттерінің экономикалық қызмет түрлері бойынша кезең ішіндегі жалпы ағыны, млн АҚШ долл.

Мазмұны	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	-1,7	71,8	50,0	13,4	2,7
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	8 355,6	3 498,4	7 154,2	7 893,1	1308,9
Өңдеу өнеркәсібі	3 665,9	2 584,6	4 087,9	3 774,6	-979,9
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	254,5	12,3	72,0	-1,9	293,5
Құрылыс	720,3	457,0	843,2	-6,7	117,9
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	2 801,8	1 510,8	2 284,7	2 413,0	196,7
Басқа салалар	7 929,6	6 712,1	6514	1 66405	-1742,8
Барлығы	23 726	14 847	21 006	15 750	-803
Ескертпе – ҚҰБ статистикалық көрсеткіштерінің негізінде құрастырылған.					

2016 жылы шет мемлекеттерден келген жалпы инвестиция көлемі 21 006 млн АҚШ доллары болған. 2017 жылда 15 750 млн АҚШ долларды құраған. 2018 жылы – 803 млн АҚШ доллар болып, кері көрсеткішті көрсеткен. Соның ішінде, ауыл, орман және балық шаруашылығына салынған инвестиция көлемі 2016 жылы 50,0 млн АҚШ долларын құрап, 0,24%-да ғана болған. 2017 жылда бұл көрсеткіш 13,4 млн АҚШ доллары болып, 0,08%-ды құраған, ал 2018 жылда бар болғаны 2,7 млн АҚШ доллары болған [3].

Сондай-ақ, Қазақстанның резидент еместерден тікелей инвестициялар бойынша алынған активтерді резиденттердің экономикалық қызмет түрлеріне байланысты таза қабылдауы 3-ші кестеде.

Кесте 3 – Қазақстанның резидент еместерден тікелей инвестициялар бойынша алынған активтерді резиденттердің экономикалық қызмет түрлеріне байланысты таза қабылдауы, млн АҚШ доллары

Мазмұны	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,2	0,0	-1,2	0,8	-1,0
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	-101,6	1 232,5	350,0	-1105,0	-1552,4
Өңдеу өнеркәсібі	623,7	2 150,2	1 982,4	614,4	-2428,0
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	2,9	-0,3	-1,4	266,6	-259,3
Құрылыс	-342,7	86,6	323,5	3,5	76,4
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	151,8	-7,6	103,2	18,5	-91,0
Басқа салалар	334,4	3 461,4	2 653,3	-1158,2	455,3
Барлығы	2 634	3 315	3 464	957	-4711
Ескертпе – ҚҰБ статистикалық көрсеткіштерінің негізінде құрастырылған.					

Қазақстанның резидент еместерден тікелей инвестициялар бойынша алынған активтерді резиденттердің экономикалық қызмет түрлеріне байланысты таза қабылдау көлемі 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 149 млн АҚШ долларына өсіп, 3 464 млн АҚШ доллары болған.

2017 жылда бұл көрсеткіш 957 млн АҚШ долларын құрса, ал 2018 жылы –4711 млн АҚШ доллары болып кері көрсеткішті көрсеткен. Соның ішінде ауыл, орман және балық шаруашылық саласы бойынша 2015 және 2017 жылдар бойынша инвестиция көлемі мен үлесі нөлге тең болған. Ал, 2016 және 2018 жылдары –1,2 және –1 млн АҚШ доллары болып минус көрсеткішті көрсеткен.

Қазақстанның төлем балансы мәліметтері бойынша Қазақстанның резидент еместер алдындағы тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелерді резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша таза қабылдауы 4-ші кестеде берілген.

Кесте 4 – Қазақстанның резидент еместер алдындағы тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелерді резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша таза қабылдауы, млн АҚШ доллары

Мазмұны	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017ж.	2018 ж.
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	-2,4	71,5	50,1	12,4	25,9
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	3 195,1	468,9	7 314,7	3 416,6	605,0
Өңдеу өнеркәсібі	987,7	246,3	2 066,3	1 779,4	-347,9
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	-1 228,0	-50,0	-0,3	-2,0	-707,2
Құрылыс	-48,1	824,7	1 000,0	-542,7	208,8
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	159,2	-622,2	404,0	170,8	502,7
Басқа салалар	4 161,4	939,2	6 140,2	57,5	-1410
Барлығы	7 225	6 173	16 975	4 892	-1123

Ескертпе – ҚҰБ статистикалық көрсеткіштерінің негізінде құрастырылған.

Экономикалық қызмет түрлеріне байланысты таза қабылдап алынған тікелей инвестициялар бойынша міндеттемелер 2016 жылы 2015 жылға қарағанда 10 802 млн АҚШ долларына артып, 16 975 млн АҚШ доллары болған. 2017 жылда 4 892 млн АҚШ долларын құраған, ал 2018 жылы –1123 млн АҚШ доллары болып, минус көрсеткіш көрсеткен. Соның ішінде, ауыл, орман және балық шаруашылығы бойынша 2016 жылы 50,1 млн АҚШ долларын құраған. 2017 жылдың нәтижесі бойынша бұл көрсеткіш 12,4 млн АҚШ доллары, ал 2018 жылы 25,9 млн АҚШ доллары болған [3].

2019 жылдың қаңтарындағы Қазақстан бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 5 кестеде берілген.

Кесте 5 – Қазақстан бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар динамикасы, млн теңге

Мазмұны	Негізгі капиталға салынған инвестициялар	Өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен, %	Соның ішінде					
			бюджеттік қаражат	меншікті қаражат	банктердің кредиттері		басқа да қарыз қаражаты	
					республикалық / жергілікті бюджет	барлығы	одан шетелдік банктермен	барлығы
ҚР	14 493 279	160,7	–	1 578 312	187 168	–	2 727 799	–
Ақмола	737 717	67,3	–	614 235	–	–	123 482	–
Ақтөбе	705 612	119,2	–	705 612	–	–	–	–
Алматы	319 963	24,5	–	314 184	–	–	5 779	–

## 5-кестенің жалғасы

Батыс Қазақстан	73 540	46,7	–	73 540	–	–	–	–
Жамбыл	1 070 667	3 есе	–	727 667	–	–	343 000	–
Қарағанды	1 031 264	177,5	–	801 883	–	–	229 381	–
Қостанай	3 434 678	186,4	–	2 938 900	132 000	–	363 778	–
Қызылорда	31 588	–	–	31 588	–	–	–	–
Павлодар	988 779	81,7	–	522 081	–	–	466 698	–
Солтүстік Қазақстан	2 624 702	126,3	–	2 159 233	7 812	–	457 657	–
Түркістан	1 597 255	3,1 есе	–	1 547 255	–	–	50 000	–
Шығыс Қазақстан	1 057 795	205,4	–	968 921	47 356	–	41 518	–
Шымкент қаласы	819 719	–	–	173 213	187 168	–	646 506	–

Ескертпе – ҚҰБ статистикалық көрсеткіштерінің негізінде құрастырылған.

Ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көздері бойынша бюджеттік қаражаттар, меншікті қаражаттар, банктердің кредиттері және басқа да қарыз қаражаттары деп жіктелінеді. Кестеден, 2019 жылдың қаңтарында ауыл, орман және балық шаруашылығына бюджет есебінен инвестициялардың болмағанын байқаймыз. Салынған инвестициялардың ішінде, ең бөп үлесті яғни, 80%-ға жуығын құраған ол меншік қаражаттары, оның сомасы 11 578 312 млн теңге болған. 1,2%-ды банктерден берілген несиелер құрайды, ол 187 168 млн теңгеге тең. Қалған 18%-ды 2 727 799 млн теңгемен басқада қарыз қаражаттарын құраған. Қазақстанның облыстары бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемінің ең жоғарғы үлесі Қостанай облысына тиесілі 3 434 678 млн теңгені құраған. Келесіде, Солтүстік Қазақстан 2 624 702 млн теңгені құраған. Түркістан облысы 1 597 255 млн теңге болған. Одан кейін Жамбыл облысы 1 070 667 млн теңгені құраған.

2018 жылы банктердің ауыл шаруашылығына берілген несие көлемі 489 688 млн теңге болған. Оның ішінде, заңды тұлғаларға берілген несие көлемі 474 968 млн теңге болса, жеке тұлғаларға берілген несие көлемі 14 720 млн теңге болған. 2017 жылдың желтоқсан айында ауыл шаруашылығына берілген несие көлемі барлық көлемі 706 722 млн теңгені құраған. Оның ішінде заңды тұлғаларға берілген несие көлемі 692 927 млн теңге болса, шаруа фермерлік қожалықтарда 13795 млн теңгені құраған. Сондай-ақ, 2017 жылдың желтоқсанындағы банктердің ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өнеркәсіпке берген кредиттердің барлығы 314 202 млн теңге болған. Оның 307 720 млн теңгесі заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өнеркәсіпке берілген кредиттері құраса, 6 482 млн теңгесі шаруа қожалықтарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өнеркәсіптеріне берген кредиттері құраған [3].

Ауыл шаруашылығының даму динамикасы мен қарқыны көбінесе оған өндіріс құралдарын дайындайтын өнеркәсіп салаларының деңгейімен анықталады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығының дамуы ауыл- шаруашылық кәсіпорын қызмет көрсететін өндіріс пен салаларының іс әрекетінің тиімділігімен тығыз байланысты [4].

Қорыта келе, шетелден Қазақстанға келетін инвестициялар көлемінің жылдан жылға азайып, тіпті теріс көрсеткіш көрсетіп жатқандығын байқаймыз. Сондай-ақ, нақты экономикалық қызмет түрлері бойынша салынатын инвестиция көлеміне талдау жасау барысында, елімізде шикізат өнімдеріне деген инвестиция көлемінің жоғары және ауыл шаруашылығына деген шетелдерден келген инвестиция көлемінің айтарлықтай төмен екендігін және инвестициялық тартымдылықты болашақта әліде арттыру қажет екендігі анықталды. Оның көлемі соңғы бес жылда 100%-дың ең көп дегенде 0,48%-ын, ал аз дегенде 0%-ды құрайды. Ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция көздері бойынша ең көп үлесті яғни, 80%-ын меншік қаражаттары құрайтындығын және мемлекеттік



бюджет есебінен берілген инвестициялардың мүлдем жоқ екендігі анықталды. Қалған 20%-ын банктердің берген несиелері мен басқа да қарыз қаражаттар есебінен инвестицияланылатындығы белгілі болды. Ауыл шаруашылығын дамытып, оның ірге тасын нығайтып, еліміздің осы саласын әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке қабілетті ету үшін әлі де мемлекет тарапынан қолдау жүргізіп, инвестициялық тартымдылық деңгейін арттыру қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Беделбаева А.Е. ҚР Ауылшаруашылық кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау: шетелдік тәжірибе // Аграрлық нарық проблемалары. – 2016. – № 4. – Б. 118–121.
- 2 Асилова А.С., Жантаева А.А. Мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету және талдау // ҚазҰУ хабаршысы. – 2016. – № 4(116). – Б. 101–106.
- 3 Қазақстан Республикасының ұлттық банкінің статистикалық бюллетені // Алматы: Қазақстан Республикасының ұлттық банкі. – 2018. – № 12(289). – Б. 43–47.
- 4 Нұрғалиева А.А., Иманбаева З.Ө., Керімбек Ғ.Е., Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені: қазіргі жағдайы және даму болашағы // Аграрлық нарық проблемалары. – 2015. – № 2. – Б. 129–133.

#### Аннотация

На сегодняшний день все развитые страны оказывают всестороннюю государственную поддержку развитию сельского хозяйства. Сельское хозяйство – один из важнейших видов материального производства. Значение финансирования сельского хозяйства заключается в обеспечении необходимыми финансовыми ресурсами предприятий, занимающихся сельским хозяйством, крестьянским или фермерским хозяйством, для их развития и повышения производительности. Финансирование сельского хозяйства осуществляется за счет бюджетов различных уровней, средств частных инвесторов и других финансовых источников. Инвестиции – одни из необходимых и значимых фондов в экономике любой страны, поскольку они не только обеспечивают рост экономики, но и создают условия для социального развития страны. В статье даны определения понятий «инвестор», «инвестиции», «иностранные инвестиции». Рассмотрены по странам валовые притоки прямых инвестиций от иностранных инвесторов в Казахстан и представлены в виде диаграммы. По видам экономической деятельности определена общая динамика притоков прямых инвестиций в Казахстан от иностранных инвесторов. По видам экономической деятельности рассмотрены показатели чистого принятия обязательств и активов по прямым инвестициям, полученных резидентами от нерезидентов страны. Проанализирована динамика инвестиций в основной капитал сельского, лесного и рыбного хозяйства Казахстана, а также объем кредитов, предоставленных банками в сельское хозяйство и промышленность по переработке продукции сельского хозяйства. В ходе анализа было выявлено, что объемы инвестиций в сельское хозяйство недостаточны и необходимо увеличить инвестиционную привлекательность в данной отрасли.

Ключевые слова: сельское хозяйство, иностранные инвестиции, собственные средства, банковские кредиты, резиденты, нерезиденты, крестьянские хозяйства.

#### Abstract

To date, all developed countries provide comprehensive state support for the development of agriculture. Agriculture is one of the most important types of material production. The role of financing agriculture is to provide the enterprises with the necessary financial resources, which are engaged in agriculture, peasant or farming to improve their productivity. The agriculture is financed from budgets of various levels, from private investors and other financial sources. Investments are one of the necessary and significant funds in the economy of any country, since they not only provide economic growth, but also create conditions for the country's social development. In the article, definitions were given to the concepts of “investor”, “investment”, “foreign investment”. Gross inflows of direct investments from foreign investors into Kazakhstan are considered by the country and represented in the form of a diagram. The general dynamics of inflows of direct investments into Kazakhstan from foreign investors has been determined by economic activities. Types of economic activity are considered by indicators of net liabilities and assets on direct investments received by residents from non-residents of the country. The dynamics of investments in the fixed capital of agriculture, forestry and fisheries in Kazakhstan is analyzed as well as the volume of loans provided by banks to agriculture and the industry for the processing of agricultural products. In the course of the analysis it was revealed that the volume of investments in agriculture is not large enough and it is necessary to increase the investment attractiveness in this sector.

Key words: agriculture, foreign investment, equity, bank loans, residents, non-residents, farms.